

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы Шекара ауданындағы әскери саладағы сенімді нығайту жөніндегі келісімді мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 30 қазандығы N 1401

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті енгізген және қытай тарапынан алдын ала келісілген Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы

және Қытай Халық Республикасы арасындағы Шекара ауданындағы әскери саладағы сенімді нығайту жөніндегі келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Келісімнің жобасын түпкілікті салыстырсын және бекітілуін жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі